

төленетін өзге жұмысы (қызметі), табысы бар адамдар;

2) шығармашылық қызметпен айналысатын, қосалқы кәсіпшіліктерде істейтін және шарт бойынша өнім өткізетін, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс атқаратын адамдарды, сондай-ақ өндірістік кооперативтердің (артельдердің) мүшелері мен жеке кәсіпкерлерді қоса, өзін өзі жұмыспен дербес қамтығандар;

3) еңбекақы төленетін лауазымға сайланған, тағайындалған немесе бекітілгендер;

4) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, ұлттық қауіпсіздік органдарында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерінде, Республикалық ұланда, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімдерінде және өзге де әскери құрылымдарда қызмет өткеріп жүргендер жатады.";

3) 5-баптың 2 тармағының он бірінші абзацындағы "репатрианттар (оралмандар)" деген сөздер "оралмандар" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 7-бап мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;"

5) 9-баптың 2 тармағы мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) мүгедектер үшін белгіленген жұмыс орындарының квотасын орындауға;

5) алған мамандығы үшін біліктілігін көрсете отырып, кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және өндірісішілік оқытудан өткен қызметкерлердің саны туралы уәкілетті органға мәліметтер беруге;"

6) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Жеке жұмыспен қамту агенттігі

1. Жеке жұмыспен қамту агенттігінің:

1) Қазақстан Республикасының жұмыспен қамту және еңбек туралы заңнама мәселелері бойынша өтінішпен барған адамдарға консультациялар беруге;

2) жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат беруге және өтінішпен барған адамдарға жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетуге;

3) жұмыс берушілер мен жұмысқа орналасуға тілек білдірген адамдар туралы деректер қалыптастыруға;

4) қызметкерлердің жұмыс берушілердің біліктілік талаптарына сәйкес болуын ескере отырып, қызметкерлерді іріктеуді жүзеге асыруға;

5) еңбек делдалдығы жөнінде қызметтер көрсету туралы өтінішпен барған адамдармен шарт жасасуға;

6) халықаралық келісімдер болған кезде, бір елден екінші елге жұмысқа орналастыру үшін қызметкерлер жинауды жүзеге асыруға;

7) Қазақстан Республикасының азаматтарын шекарадан тыс жерге әкетуді, жұмыс берушілер жұмысқа орналастырушы елдің коммерциялық банктеріндегі жинақ шоттарына азаматтардың Қазақстан Республикасына қайтуымен байланысты шығыстарды жабуға жеткілікті сома шегіндегі гарантиялық және кепілдік жарналарды

енгізген жағдайда ғана жүзеге асыруға;

8) өтінішпен барған адамдарды кәсіптік даярлау және қайта даярлауды одан әрі жұмысқа орналастыратын етіп ұйымдастыруға;

9) азаматтарды шетелде жұмысқа орналастырған жағдайда, оларды әкету үшін рұқсат құжаттарын ресімдеуге құқығы бар;

2. Жеке жұмыспен қамту агенттігі:

1) қандай да болмасын кемсітушілік нысанына жол бермеуге;

2) өтінішпен барған адамдардан алынатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге ;

3) балалар еңбегінің пайдаланылуына, адамдарды сексуалдық және өзге де пайдалануға тартуға жол бермеуге міндетті.

3. Жеке жұмыспен қамту агенттіктері жұмысқа орналастыру, жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен бірлесіп әрекет етеді.

4. Шетелдік жұмыс күшін тартумен және Қазақстан Республикасынан шетелге жұмыс күшін шығарумен байланысы қызметті, мұндай қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке жұмыспен қамту агенттіктері жүзеге асырады.";

7) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Жұмыссыздарды тіркеу

1. Жұмыс тапқысы келетін адамдар жеке жұмыспен қамту агенттігіне не тұрғылықты тұратын немесе көбірек тұрып жүрген жері бойынша уәкілетті органға жұмысқа орналасуға жәрдем сұрап бара алады.

2. Жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз деп тану туралы шешімді уәкілетті орган мынадай құжаттарды :

жеке басының куәлігін (төлқұжатын);

еңбек қызметін куәландыратын құжаттарын;

әлеуметтік жеке код берілгені туралы куәлігін (ӘЖК);

салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТН) ұсынған кезде қабылдайды.

3. Жұмыс іздеп жүрген адам осы баптың 2-тармағында санамаланған құжаттардан басқа, алған табысы туралы (мәлімдеу сипатындағы) мәліметтерді қоса ұсынады.

4. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар бұдан басқа, шетелдіктің тұруға рұқсатын және азаматтығы жоқ адамның ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар куәлігін ұсынады.

5. Оралмандар көші-қон жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдары берген оралман куәлігін ұсынады.

6. Уәкілетті орган осы баптың 2, 3, 4 және 5 тармақтарында көрсетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей, нысанын орталық атқарушы орган бекітетін, жеке есеп картішкесіне (компьютерлік деректер базасы) деректер жазу жолымен, өтінішпен барған адамдарды, олардың тұрғылықты тұратын

немесе көбірек тұрып жүрген жері бойынша тіркейді.

7. Уәкілетті органда тіркелген жұмыссыздар күнтізбелік он күн ішінде кемінде бір рет уәкілетті органда, ал ауылдық елді мекендерде тұратын жұмыссыздар - айына кемінде бір рет кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімінде белгіленіп тұруы тиіс.";

8) 16-баптың 1-тармағында:

5) тармақшадағы "6" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) тұратын жері өзгергенде;

7) осы Заңның 2-бабына сәйкес жұмыспен қамтылғандар санатына жатқызылғанда;"

;

9) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Әлеуметтік жұмыс орны

1. Әлеуметтік жұмыс орнын құруды жұмыс беруші жергілікті атқарушы органмен келісім шарт негізінде жүзеге асырады.

2. Шарт тараптардың міндеттерін, жұмыстың түрлері мен көлемін, еңбекақы төлеудің мөлшері мен шарттарын, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздерін қамтуы тиіс.

3. Әлеуметтік жұмыс орны уақытша жұмыс орындарын беру немесе құру жолымен ұйымдастырылады және мынадай ерекшеліктері болады:

1) мақсатты топтарға әдейі арналады;

2) жұмыс орындарының саны шектелмейді, жұмыстар уақытша сипатта болады және оларды ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орындар пайдаланыла алмайды.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеудің тәртібін жергілікті атқарушы органдар айқындайды.";

10) 22-баптағы "және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен олардың қызметтері" деген сөздер "мен оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті